

17.01.2020.

«Тарихтың таспен жазылған шежіресі»

Екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 75 жыл. Кеңес халқының соғыс жылдарындағы жауынгерлік және еңбектегі ерліктері шын мәнінде батылдық мектебіне және кейінгі өскелең ұрпақ үшін ерлік үлгісіне айналғаны хақ.

Өмірден озған батырларымызды, көзі тірі ардагерлерді, сол кездегі тарихи деректерді, еңбек майданындағы адамдарды, жалпы халықтың ерлігін, Отан, туған жер, өз отбасына деген сүйіспеншілігімен мен жанкештілігін көрсету, насихаттау мақсатында өнер бөлімшесінде «Тарихтың таспен жазылған шежіресі» тақырыбында жылдық фотокөрме әзірленді. Көрмеге бөлім қорындағы әдебиеттер, фотоальбомдар, фотошежіре және мерзімді басылымдарда жарияланған фотосуреттер қойылды. Қазақ халқының осы соғыста көрсеткен ерлігі де, еңбегі де орасан зор. Деректерге сүйенер болсақ, адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс шамамен 27 млн. кеңес азаматтарының өмірін қиды. Сол кезде 6 миллионнан асар-аспас халқы бар Қазақстаннан 1 млн 400 мыңдай жауынгер майданға аттанып, оның үштен бірінен астамы майдан даласынан оралмады.

Еліміздің атақты батырлары Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бегелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Сабыр Рақымов, Шығыстың аяулы арулары - Әлия мен Мәншүкке арналған фотоальбомдар, газет-журнал беттеріне шыққан фотосуреттері, атақты 28 панфиловшылардың ерлігін насихаттайтын әдебиеттер көпшілік оқырманға ұсынылып, батырлар, ардагерлер ерлігіне тағзым жасалынды. Және Қостанай өңірінен кеткен жерлестеріміз дараланып, есімдері көпшілікке таныстырылды. Бөлімдегі Ұлы Отан соғысы туралы ресейлік кітаптар, фотоальбомдар, батыр-қалалар туралы әдебиеттер де көпшілікке жол тартты.

Көрме үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім: «Ерлігіңе мың тағзым, Жеңіс жауынгері!», екінші бөлім: «Қаһарлы жылдар шежіресі», үшінші бөлім: «Ұлы Жеңіс – бүгінгі ұрпаққа аманат!». Көрменің дәйектеме сөзі

ретінде батыр Бауыржан Момышұлы мен жерлесіміз, ақын Сырбай Мәуленовтың қарапайым халықтың қайсарлығы мен батырлығы туралы айтқан керемет сөздері алынды. Көрме жылдың аяғына дейін өнер бөлімшесінде көпшілікке қызмет көрсетеді. Келіңіздер! Көріңіздер!

